БЕКІТЕМІН
«Джанадилова А.Б.»
«Көжек»бөбек-жай балабақша
меңгерушісі Ж.Ж.Ажигалиева

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУБАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ОРЫС ТОБЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН 2021- 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

| **Қыркүйек айы. 2020 ж Өтпелі тақырып: «Балабақша»** | | | |
|---|---|---|---|
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **«Менің балабақшам»** | *Менің балабақшам.* | Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы түсінеді. Балабақша қызметкерлерінің еңбегіне құрметпен қарауды біледі.Сенің атың(тегің)кім?Сенің жасың нешеде? деген сұрақтарға 3-4 сөзбен толық жауап беруге үйренеді Сөз ішіндегі дыбыстарды (қ, ү, і, ә) дұрыс айтуға үйренеді | **1** |
| | *«Балабақша (әңгіме құрастыру)* | Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастырады. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге үйренеді. «Кім?», «Қандай?» «Не істейді»? деген сұрақтарға 3-4 сөзбен толық жауап беруге үйренеді. Сөз ішіндегі дыбыстарды (қ, ү, і, ә) дұрыс айтылуы қадағаланады | **1** |
| **«Менің достарым»** | *Менің достарым* | Балалар бір-бірімен тату,мейрімді болуға үйренеді. "Дос",достық"сөздерінің мағынасын үйрену арқылы досы туралы шағын диалог түрінде сөйлесе алуға үйренеді.«Бұл кім?» деген сұрақтарға екі-үш сөзбен жауап беруге ,сөз шіндегі дыбыстарды (қ, ә) дұрыс айтуы қадағаланады | 1 |
| | *Екі дос ертегісі* | Ертегінің мазмұнын айтуды,кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін түсінеді,"Дос", "достық"сөздерінің мағынасын түсіне отырып, досы туралы әңгімелеуге,Сөз ішіндегі дыбыстарды (қ, ә) дұрыс айтуға үйренеді | 1 |
| **«Менің сүйікті ойыншық тарым»** | *«Менің сүйікті ойыншығым»* | Балалардың ойыншықтар туралы түсініктері молаяды. Олардың жасалу жолдарын түсінеді. Балаларға ойыншықтарды қазақ тілінде атауға ,қойылған | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сұрақтарға (*Мынау не? Қандай? Қайда?)* сұрақтарына түсініп жауап беруге үйренеді, ойыншықтың неден жасалғанын айта алады, мнемокесте арқылы ойыншықтар туралы тақпақты жатқа оқиды | |
| | | Балалар ойыншықтар туралы түсінеді.Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата біледі. балаларға ойыншықтарды қазақ тілінде атап,оларды *менде, сенде, бар, жоқ* сөздерімен байланыстыра қолдануға үйренеді,сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс әрі анық айтуға жаттығады,грамматикалық формада дұрыс сөйлеуге үйреніп,ойыншықты салыстырып,сипаттайды | 1 |
| **«Жиһаздар»** | *Жиһаздар* | Балаларды өз үйіндегі жиһаздары туралы біледі,қазақтың ұлттық жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдарын көрсету,таныстыра отырып,олардың атқаратын қызметін түсінеді.Сөз ішінен нақты дыбыстарды табуға үйренеді.Сөз ішіндегі дыбыстарды (Қ,Һ) дұрыс айтуы қадағаланады.<br>«Мынау не?», «Қандай?» деген сұрақтарға толық жауап береді | 1 |
| | *Үй жиһаздары* | Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйренеді Үй жиһаздарын көпше түрде атауға үйрету. «Жиһаз» деген жалпы ұғымды меңгеріп,зат есім+ сын есім тіркестерін, 4-5 сөзден сөйлем құруға үйренеді. Екеуара сөйлесу дағдыларын қалыптастырып,зат есімді «үстінде, астында» деген көмекші сөздермен байла-ныстырып сөйлем құруға үйренеді Сөз ішінен нақты дыбыстарды табуға,сөз ішіндегі дыбыстарды (Қ,Һ) дұрыс айтуға үйренеді | 1 |
| | **Қазан айы. 2020 ж** | **Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»** | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»** | *Бір үйде біз нешеуміз?* | Отбасы мүшелері туралы айта алады, оларды құрметтеуді түсінеді..<br>Отбасы мүшелерін қазақша дұрыс атап, оларды *менің* сөзімен байланыстыра қолдануға, сын есімдерді қолданып сөйлем құруға үйренеді *кім? не? кімдер?нелер?сұрағына* жауап бере отырып,жаңа сөздерді меңгереді | 1 |
| | *Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме)* | Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтуды біледі. Отбасы мүшелерін атай алады. Отбасы мүшелерін қазақша дұрыс атап, оларды *менің* сөзімен байланыстыра қолдануға,сын есімдермен сөйлем құруға, *«кім?», «қандай?», «қайда?»* деген сұрақтарға толық жауап беруге жаттығуда жаңа сөздерді меңгереді, *үстінде, қасында* көмекші сөздерін қолданып грамматикалық формада дұрыс сөйлеуге үйренеді, диалог түрінде сөйлесуге дағдыланады | 1 |
| **«Менің көшем»** | *Жолда жүру ережесін сақтайық* | Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы түсініп, өз ойын айта алады.Жол қауіпсіздігін еске сақтауға,білуге жол ережелерінің белгілерімен жүре білуге үйрету.*қандай?қай?*деген сұрақтарға толық жауап беруге жаттығады | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | *Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.* | Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйренеді. Бағдаршамды біледі,түстерін атайды,әр түстің атқаратын қызметін айтады,қимылмен көрсетеді.Сөз ішіндегі (Қ,Ғ) дыбысын дұрыс айтуға үйренеді | 1 |
| **«Алтын күз»** | *Жыл мезгілі күз. Күзгі табиғат (сурет бойынша әңгімелеу).* | Күзгі табиғат ерекшеліктерін айта алады.<br>Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беруге,қазақ тілінде күз айларын,олардң ерекшеліктерін сурет бойынша айтуға үйренеді.Мнемокестемен 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрата отырып,зат есімдерді жекеше , көпше түрде атауға жаттығады, *кім?не? кімдер?нелер?*сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *Күзгі табиғат (мнемокестемен өлең жаттау).* | Күзгі табиғат ерекшеліктерін айта алады.<br>Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру,қазақ тілінде күз айларын,күз ерекшеліктерін сурет бойынша айтуға үйренеді,мнемокестемен 2-3 сөзден тұратын сөздерден өлең оқу,жаттау,,зат есімдерді жекеше , көпше түрде атайды, *кім?не? кімдер?нелер?*сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| **«Алтын күз»** | *Жемістер* | Жемістер туралы түсінеді, жеміс атауларын атай алады. балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру,қазақ тілінде көкөністер атауларын айтуға үйрету. Зат есімдерді жекеше , көпше түрде атауға жаттықтыру. *Кім?Не? Кімдер?Нелер?*сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *Жемістер.* | Балаларды жеміс атауларымен танысады, *«қандай?"*сұрағына жауап беруге, жай сөйлем құрап үйренеді,сұраққа толық жауап беруге жаттығады,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді. | 1 |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **«Өзім туралы»** | *«Адамның дене мүшелері»* | Балалар адамның дене мүшелерін атай алады. (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар). Дене мүшелерін қазақ тілінде атайды,көркем сөз жаттату арқылы дене мүшелерінің қадір-қасиетін түсіне білуге ,зат есім мен етістіктерді байланыстырып сөйлем құрауға, «Мынау не?» деген сұрақтарға жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *«Денсаулық-зор байлық»* | Өзі туралы қарапайым түсініктерді біледі.«Денсаулық-зор байлық» сөзінің қадір-қасиетін түсіне білуге,қандай қызмет атқаратыны туралы жаттығулармен жасап көрсетуге,үйренеді,жаттайды. «Мынау не?», «қандай?» сұрағына толық жауап беруге үйренеді | 1 |
| **«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | *Дәрумендер әлеміне саяхат* | Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді.Көкөністердің жекелеген және жалпылама атауларын меңгере отырып,түр -түсіне, пішініне, дәміне қарай көкөністерді танып, ажыратуға машықтанады**.** Зат есімдерді жекеше , көпше түрде атауға жаттығып, «қандай?», «қай?» сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *«Дәрумендер – денсаулық кепілі»* | Дәрумендердің пайдасы, оларды неден алатынын түсініп айта алады, жеміс атауларымен танысады,"қандай?", «қай?» сұрағына жауап беруге, жай сөйлем | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құруға жаттығады мнемокесте арқылы жұмбақтар шешеді,жаңылтпаштарды оқуды үйренеді | |
| **"Өзіңе және өзгелерге көмектес"** | *Мен және табиғат* | Табиғатқа деген қамқорлықты, өлі және тірі табиғат туралы түсінеді,қазақша атайды, олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат алады.*Мынау не?қандай?* сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *«Әдепті баламыз» Ғ. Өкеев* | Өлеңнің тыңдайды, мазмұнымен таныса отырып, әр шумағын қайталату арқылы жаттайды,өлеңді әңгімелейді,ойларын жүйелеп,қағаз бетіне салып көрсетеді,әңгімелейді,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтылуы қадағаланады | 1 |
| **«Біз киінеміз»** | *«Киімдер»* | Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдерді ажырата біледі.Киім, аяқ киім, атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйренеді.Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдерді ажырата біледі. Ы- і, а-ә, о-ө дыбыстарын салыстыра айтады,ұйқас сөздерді үйренеді, бұл не? қайда?сұрағына толық жауап беруге үйренеді | 1 |
| | *«Ұлттық киімдер»* | Ұлттық киімдермен танысады,қазақша атауларын атайды, ұлдардың, қыздардың ұлттық киімдерін ажырата білуге үйренеді, Ы- і, а-ә, о-ө дыбыстарын салыстыра айтады (мысалы, **ө** дыбысын айтқанда, ерін алға созылып, жіңішке, жұмсақ естіледі). *«Мынау не?» , «қандай?» , «қайда?»*деген сұрақтарға толық жауап беруге үйренеді | 1 |
| | **Желтоқсан айы. 2020 ж** | **Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»** | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| «Жайнай бер, Қазақстаным!» | *Менің Отаным Қазақстан* | Балалар туған жер, Отан туралы түсініп,. өз Отанын сүюді, құрметтеуді біледі .Отан туралы түсінік беруде өзі тұратын қаласы,республикасы туралы мағлұмат беруге үйренеді .Рәміздерді атайды, «ұ,қ, ң,» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрене отырып, Қазақстан қалалары туралы білімдерін кеңейтеді. Ту туралы тақпақты жаттайды , «Мынау не?» «Қайда?» сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| «Туған өлкем» | *Біз тұратын ауыл* | Өздернің қаласы туралы әңгімелеп айта алады.Ақтөбе қаласы туралы түсінік беру. Сын есімдерді қолдану арқылы, қаланы сипаттауға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамытудаөз қаласына деген сүйіспеншіліктерін ояту. «Мынау не?» «Қайда?» сұрағына жауап беруге үйренеді | 1 |
| «Тәуелсіз Қазақстан – ел тірегі!» | *«Туған өлке» Ө Тұрманжанов* | Өлеңді зейін қойып тыңдай отырып, туған жер туралы өз ойын айта алады, тәуелсіздік күнін,еліміздің рәміздерін сипаттай білуге, мнемокесте арқылы өлең шумақтарын жаттап алуға үйренеді.Қазақстан туралы мағлұмат алады.. Отан, туған жер , мемлекеттік рәміздері сөздері туралы түсініктерін қалыптастырады,мәнерлеп оқуға,**өз** отанының рәміздерін мақтан етуге | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үйренеді | |
| «Астана-Отанымыздың жүрегі» | «Астана-бас қалам» | Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға,Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн екені туралы түсінеді.Астана,қала,ауыл сөздерінің мағынасын меңгеріп,«Мынау не?», «Ол қай жерде?» сұрағына толық жауап беруді үйренеді. | 1 |
| Жаңа жыл | «Жаңа жылға дайындық» | Жаңа жыл мерекесіне байланысты жаңа сөздермен танысады,мерекелерге құрметпен қарауды үйренеді, «Мынау кім?», «Мынау не?» деген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | 1 |
| | «Жаңа жыл жаңа өмір» | Жаңа жыл мерекесіне байланысты Аяз ата,ақшақар тб сөздерді үйретуде 2-3 сөзден тұратын сөздерден сөйлем құрай алуға үйрету. Сөздерден(қ, ұ, ү )төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету. | 1 |
| **Қаңтар айы. 2021 ж** | **Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»** | | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **Табиғат әлемі** | *Төрт түлігім – ырысым.* | Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасауды, олардың тіршілік қалпы туралы түсінеді.<br>Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту,үй жануарлары туралы түсінік беру.Үй жануарларының аттарын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Көпше атауларын үйрету. Неліктен үй жануары деп аталатынын түсіндіру. Қазақ тілінде жануарларға «Не? Нелер?» деген сұрақ қойылатнын үйренеді. | 1 |
| | *Үй жануарлары* | Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту,үй жануарлары туралы түсінік беру.Үй жануарларының аттарын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Көпше атауларын үйрету. Неліктен үй жануары деп аталатынын түсіндіру. Қазақ тілінде жануарларға «Не? Нелер?» деген сұрақ қойылатынын түсіндіру. Үй жануаларының не жеп, не ішетінін ұғындыру,оларды қалай шақырады,олар қандай дыбыс шығаратынын біледі | 1 |
| **«Табиғат әлемі»** | *Жабайы аңдар* | Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы түсінеді.аңдардың атауларымен таныстыру. Жабайы аңдарды қазақша дұрыс атауға үйрету. «Мынау не? Қандай? Қайда?» деген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Аңдарға мінездеме беруге үйрету. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрату. «Қ, Ү, І, » дыбыстарын дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Тақпақты жаттату. Ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Жануарларға деген қармқорлық сезімін арттыру. Мейірімділікке, қайырымдылыққа баулу. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөздерді дұрыс дыбыстай алу дағдыларын қалыптастыру.Балаларға үлкен кішкентай сөздерін үйрету. | |
| | *Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы аңдар* | Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы түсінеді.аңдардың атауларымен таныстыру. Жабайы аңдарды қазақша дұрыс атауға үйрету. «Мынау не? Қандай? Қайда?» деген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Аңдарға мінездеме беруге үйрету. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрату. «Қ, Ү, І, » дыбыстарын дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Тақпақты жаттату. Ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Жануарларға деген қармқорлық сезімін арттыру. Мейірімділікке, қайырымдылыққа баулу.<br>Сөздерді дұрыс дыбыстай алу дағдыларын қалыптастыру.Балаларға үлкен кішкентай сөздерін үйрету. | 1 |
| «Құстар-біздің досымыз» | *Қанатты достар* | Үй құстары туралы түсінеді. Құстардың<br>дене құрылысы туралы түсінедіҮй құстарының аттарын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Қазақ тілінде құстарға «Не?» деген сұрақ қойылатынын түсіндіру. Құстардың дауыстарын сала білуге үйрету. *Қ, ә, ү* дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. Жаңылтпашты үйрету. Тірек кестелер арқылы балаларды грамматикалық құрамы жағынан дұрыс жай сөйлем құрай білуге үйрету. | 1 |
| | *Қыста құстарға қамқор боламыз* | Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсіне отырып, оларға қамқорлық жасауды біледі.Жыл құстары мен қыстайтын құстардың атауларымен таныстыру. Олардың пайдасы, тіршілігі туралы тірек кестелер арқылы түсінік беру.Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тілге тән дыбыстарды дұрыс айта алу дағдыларын жетілдіру.Құстарды жақсы көруге, оларды аялауға тәрбиелеуде адамгершілк,қамқорлық,аяушылық сөздерінң мағынасын түсіндіру.Қ *, ә, ү* дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға үйренеді | 1 |
| «Ғажайып қыс» | *Көңілді қыс.* | Балалар қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы біледі.Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйренеді.Мнемокесте арқылы қыстың көрінісін,белгілерін айтуға үйренеді, Қ *,Ұ*дыбыстарын анық айтуға жаттығады | 1 |
| | *Сырғанақ* | Қыс мезгілі туралы өз ойларын айта алады. Дара сөздерді жатқа айтады. Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтуды біледі.қыс айларын жаттайды,өлеңді мәнерлеп оқып мазмұнын түсіндіру,өлең мазмұнын сурет арқылы салып көрсетуге көмек береді,қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға үйренеді | 1 |
| **Ақпан айы. 2021 ж Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| «Ғажайыптар әлемі» | *«Ертегілер еліне саяхат»* | Ертегілер, өлең – тақпақтар, жұмбақтар тыңдау, ойын тапсырмалар орындау арқылы тақырыпты түсінеді. Ертегілер еліне саяхат жасап,қандай ертегілерді білетінін сұрау, «Қандай?», «Қай?» сұрағына жауап беруге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды сөздің қай буынынан естіп тұрғандарын айтады | 1 |
| | *«Ертегіні сүйеміз»* | Ертегінің мазмұнын түсінеді,кейіпкерлерді атайды,кейіпкерлерге мінездеме береді,ертегі рөліне бөліп,өз таңдаған кейіпкері бойынша қойылым көрсетуге үйренеді,мнемокесте арқылы байланыстырып сөйлеуге үйренеді,дыбыстық жаттығулар арқылы сөздерді жаттайды. | 1 |
| «Көліктер» | *Көліктермен таныстыру.* | Балалар көліктердің қасиетімен танысып, олардың атауларын атай алады. балаларды көлік түрлерімен (ауа, жерде жүретін, су көліктері) таныстыру. Сурет бойынша 2-3 сөзден сөйлем құрап сөйлеуге дағдыландыру.Сөздерді түсініп сұрақ қоюды ,қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету. | 1 |
| | *Көлік түрлері.* | Балалар көліктердің аттарын, олардың қызметін түсінеді.<br>Қауіпсіздік ережелері туралы біледі.. балаларды көлік түрлерімен (ауа, жерде жүретін, су көліктері) таныстыру. Сұрақ қоя отырып,*Менің* сөзімен байланыстырып сұраққа –жауап беруді үйренеді. | 1 |
| «Ыдыс-аяқ әлемі» | *«Тұрмыстық ыдыстар,техникажәне оның қажеттілігі»* | Балаларды өз үйіндегі ыдыстарымен таныстрады.Сөз ішінен нақты дыбыстарды табуға үйрету. Ыдыстардың жалпылама және жекелеген атауларымен таныстыру. Сын есімдерді қолдану арқылы ыдыстарды сипаттай алуға үйрету.ізге қажет заттар тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы түсінеді. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды біледі. | 1 |
| | *«Ұлттық ыдыстар»* | Балалар ұлттық ыдыс атауларын біледі, оларды қолдану жолдарын түсінеді. Балаларды ыдыстар мен қазақтың ұлттық ыдыстарымен таныстыру.Сөз ішінен төл дыбыстарды табуға үйрету. Ыдыстардың жалпылама және жекелеген атауларымен таныстыру. Сын есімдерді қолдану арқылы ыдыстарды сипаттай алуға үйрету. | 1 |
| «Мамандық-тың бәрі жақсы» | *«Мамандықтың бәрі жақсы»* | Балалар мамандық иелерімен таныса отырып, әр мамандықтың өзіне тән қасиеттерін айта алады.Әр мамандық иесін дұрыс айта алуға үйренеді.Балаларға мамандар туралы мәлімет беру: аспазшы, дүкенші , мұғалім, тігінші, егінші, құрылысшы<br>Балаларды -ші(шы) жұрнақтар арқылы жаңа сөз формасын құруға үйрету. | 1 |
| | *«Мамандықты білеміз»* | Балаларды мамандық атауларын айтуға,олардың қандай қызмет атқаратынын үйрете отырып,өздеріне ұнайтын мамандықтарын айтқызу,сол мамандыққа байланысты ойындар ойнату арқылы мамандықтарға қызығушылықтарын ояту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйренген жаңа сөздерінен дұрыс айтуға үйрету. «Кім? Не?Кім боласың?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | **Наурыз айы. 2021 ж** | **Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»** | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | *«Наурыз жыл басы»* | Наурыз мерекесі туралы түсінеді. Оның ерекшеліктерін айта алады. Наурыз мерекесімен таныстырып, «Наурыз –жаңа жыл, жаңа күн» мағынасын түсінеді. «Көрісу», «Қонақты қарсы алу» дәстүрлерін күнделікті өмірде қолдана алады. Жаңа сөздердің дұрыс айтылуын үйренеді,сұрақтар қоюды,сұраққа жауап алуды үйренеді. | 1 |
| | *«Ұлттық киімдер»* | Ұлттық киім үлгіерімен таныса отырып, қыз және ер бала киімдерін ажыратады, аттарын атайды. «Ә», «Ө», «Қ» дыбыстарының дұрыс айтылуын үйренеді. | 1 |
| **«Өнер көзі-халықта»** | *«Әдемі киіз үй»* | Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және қаңқасымен таныса отырып, атауларын атай алады..Мынау не? Қандай? Сұрақтарына жауап беруді үйренеді.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді. | 1 |
| | *«Киіз үй жиһаздары»* | Киіз үйді жабдықтау арқылы ұлттық жиһаздармен танысып, олардың қолдану жолдарын біледі.Мынау не?Не үшін қажет? Сұрақтарына толық жауап беруге үйренеді. | 1 |
| **«Ас-адамның арқауы»** | *«Ұлттық тағамдар мен ыдыстар»* | Қазақтың ұлттық тағамдары мен ыдыстарын қазақ тілінде айта отырып, өз бетімен жай сөйлем құрастыруға, сұрақтарға толық жауап беруге үйренеді. Сөз ішінен төл дыбыстарды табуға үйренеді. Ыдыстардың жалпылама және жекелеген атауларын біледі,жатқа айтады | 1 |
| **«Ойнайық та, ойлайық!»** | *«Қазақтың ұлттық ойындары»* | Қазақтың ұлттық ойындарымен танысады. Ұлттық ойындарды ойнау арқылы қазақтың салт-дәстүрі,әдет-ғұрпын,туған елге,жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру,сұрақтың мәнін түсіну оларға2-3 сөзбен жауап беруге үйренеді. | 1 |
| **«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | *«Наурыз көже» ертегісі* | Ертегі тыңдау арқылы НАУРЫЗ КӨЖЕ –нің жасалу жолы мен өзіндік ерекшелігі біледі.Наурыз көженің қасиетті құрамын білу үшін жаңа сөздер мен сөз тіркестрі мен танысады,жаттайды.Қазақ тіліне тән дыбыстарды атайды. | 1 |
| | *«Мен қазақша сөйлеймін»* | Тыңдалған материал бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізеді.Тарау бойынша алған білімдерін бекітеді.Наурыз туралы ұғымды ұлттық киімдер,киіз үй жиһаздарын ұлттық ойындар ойнау арқылы түсінеді.Мнемокесте арқылы наурыз туралы әңгімелейді | 1 |
| | **Сәуір айы. 2021 ж** | **Өтпелі тақырып «Бірге еңбектенеміз»** | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат** |

| | | | саны |
|---|---|---|---|
| «Бірге еңбектенеміз» | *«Біз ғарышқа барамыз»* | Балалар жалпы ғарыш, ғарышкерлер туралы түсінеді,тақырыпқа сай жаңа сөздерден сөз тіркесін құрайды,2-3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйренеді,әңгімелейдіАспан таңғажайыптары туралы айта алады.Бұл кім?сұрағына жауап бере отырып,*ҚҒ*дыбысын айтуға жаттығады | 1 |
| | *«Түстерді ажыратамыз»* | Түстерді және қосымша түстерді қазақша атауға, жекелеген заттардың түр түсін айта алуға үйренеді. Жаңа сөздермен таныстыра отырып,Қандай? деген сұраққа жауап беруге жаттығады. Түстерді бір-бірінен ажырата біледі | 1 |
| **«Ас атасы-нан»** | *«Ас атасы-нан»* | Балалар нанның қасиетімен танысып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білу керек екенін айта алады.. Азық-түліктерді біледі.Не ішеміз?Не жейміз?сұрақтарына толық жауап беруді үйренеді.Азық-түлік атауларын атайды,не пайдалы,не пайдасыз екенін біледі. «Қандай?» сұрағына толық жауап беруге үйренеді. | 1 |
| | *«Азық-түлік»* | Азық-түліктерді біледі.Не ішеміз?Не жейміз?сұрақтарына толық жауап беруді үйренеді.Азық-түлік атауларын атайды,не пайдалы,не пайдасыз екенін біледі. «Қандай?» сұрағына толық жауап беруге үйренеді. | 1 |
| **«Сандар әлемі»** | *«Пішіндерді үйренеміз»* | Қазақ тілінде пішіндерді үйренеді, қоршаған айналадағы пішінге байланысты сөздерді айтады.Піішіндедің айырмашылығын түсіндіру,сипап,сезу,көру арқылы пішіндерді ажырата білуге,қазақ тіліне тән *ү,ұ,* дұрыс айтуға үйренеді | 1 |
| | *«Пішіндерді білеміз»* | Қазақ тілінде пішіндерді ажыратып,оларға ұқсас заттарды тауып,атап,пішіні ұқсас заттарды топтап,,пішіндерден бейне құрастыруды,қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтуды үйренді | 1 |
| | *Санауды үйренеміз«»* | 1-10 санына дейін тура, кері санауды үйренеді,сандарды рет-ретімен санауды үйренеді,"Нешінші?" деген сұрағына жауап бере отырып, реттік сандарды, мнемокестелер арқылы сөзжұмбақ,санамақтар үйренеді | 1 |
| | *«Санауды білеміз»* | 1-10 санына дейін тура кері санауды ,сандарды рет-ретімен санауды біледі. «Нешінші?»,«қанша?»деген сұрағына жауап береді,реттік сандарды, мнемокестелер арқылы жұмбақ,жаңылтпаштар жаттайды | 1 |
| **Мамыр айы 2021ж. Өтпелі тақырып «Сәлем Жаз!»** | | | |
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат саны** |
| **«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)** | *Достаса білейік.* | Балалар достық туралы түсіне отырып, отандастық қарым – қатынас дағдыларын,ұлттық мерекеге деген сый құрмет пен достық туралы түсінеді, «Достық» тақырыбында мақал-мәтелдер оқып,мазмұнын түсінеді,мнемокесте бойынша жаттайды «Сенің ұлтың кім?» деген сұраққа жауап бере отырып,ұлт сөзінің мағынасын меңгереді.Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы қадағаланады | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Достық бірлікте* | Достық қарым-қатынас туралы түсініктерді біледі. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуды түсінеді. «Сенің ұлтың кім?» деген сұраққа жауап береді.Мнемокестмен мақал-мәтел жаттайды. | 1 |
| **«Отан қорғаушылыр» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)** | *«Біз Отанның сарбазы»* | Отан қорғаушылар әскері туралы біледі, отанды қорғау деген ұғымды өз ойымен айта алады.Мнемокесте бойынша отан туралы әңгімелейді, мақал-мәтелдерді жаттайды. | 1 |
| | *«Жеңіске жетеміз»* | Балалар туған жер, отан туралы түсіне отырып, өз отанын сүюді, құрметтеуді біледі,достық,ынтымақ,бірлік сөзінің мағынасын түсінеді.Ұлы мереке жеңіс туралы қазақша айта алуға үйренеді. Тілге тән дыбыстарды меңгереді,ата -бабамыздың ерлігін біледі | 1 |
| **«Көңілді жаз»** | *«Жаз» өлеңі Ә.Дүйсенбеев* | Жаз мезгілінде болатын ерекшеліктер туралы түсініп айта алады.Жаз мезгілі туралы қазақша диалог құрастырады,мнемокесте арқылы сөйлем құрайды,өлеңді жаттайды.Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады. | 1 |
| | *Жаз мезгілін әңгімелеу* | Жаз мезгілін сипаттайды,жаз айларын жаттайды,жыл мезгілдерін біледі,мнемотехника әдісі бойынша суреттің мазмұнын құрып, сөздерді байланыстырып айтады.Сөзжұмбақтар шешеді,жаңылтпаштар оқиды. | 1 |
| **«Мен жасай аламын»** | *«Мен бәрін білемін»* | Жыл бойы алған білімдерін қайталайды,жаз мезгілі туралы қазақша диалог , сурет арқылы әңгімелейді.Жыл бойы алған білімдерін дидактикалық ойындар, диалог, әртүрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы орындайды | 1 |